

# ТУУЫ

АЛМАТЫ АЖАТТЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕРІ  
АЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

Январь Дүйсенбі

шығуына 32 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

**Бұдан 28 жыл бұрын Владимир Ильич Ленин дүниеден қайтыс болды.**

**Лениннің мәңгі өшпес ұлы ісі, оның жеңімпаз ілімі — ленинизм салтанат кұруда.**

**Ленин туы астында, Сталин жолдастың басшылығымен коммунизмнің толық жеңісіне қарай алға баса берейік!**

**И. СТАЛИН**

## Ленин туралы

Кремль курсанттарының мәжлісінде 1924 жылы 28 январьда сөйлеген сөзінен

Жолдастар! Мәған сіздерде Ленинді еске кә түс-ру мәжлісі болып жатыр деп еді, ал мен мәжліске баяндамашылардың бірі болып шақырылған емес. Меніңше, Лениннің ісі туралы түйекті толық баяндама жасаудың қажеті жоқ. Менің ойымша, Лениннің адамдық және көсемдік өзгешеліктерінің кейбіреуін көрсететін бірсыпыра фактыларды білдірумен қанағаттану тәуір болар еді. Бұл фактылардың арасында ішкі байланыс болмауы да мүмкін, бірақ бұл байланыстың болмауы Ленин туралы жалпы ұғым алу үшін шешуші маңызы бар нәрсе емес. Қалайда, бұл арада сіздерге жоғарыда үде еткенімнен артық нәрсе беруге мүмкіншілігім жоқ.

### Тау қыраны

Мен Ленинмен ең алғашқы рет 1903 жылы таныстым. Рас, бұл танысу кезбе көз танысу емес, сырттап, хат арқылы танысу еді. Бірақ бұл танысу менің ойымда өшпес із қалдырды, мен партияда жұмыс істегелі бұл ешбір есімнен кеткен жоқ. Ол кезде мен Сибирьде, айдауда жүр едім. Лениннің 90-жылдардың

сөздер, амал не, сақталмапты. Ол бүкіл конференцияны рухтандырып, таңтамаша қалдырған сөздер еді. Сендіру күшінің ерекшелігі, дәлелдердің әрі қарапайым, әрі айқындығы, сөйлемдердің әрі қысқа, әрі жұрттың бәріне ұғымдылығы, құлшығудың жоқтығы, бас айналғанша құлшына қол сермеудің жоқтығы және құр сыртқа ғана әсер ететін сұлу сөйлемдердің болмауы, — міне осының бәрі Лениннің сөзін кәдімгі «парламент» шешендерінің сөзінен артық етіп айырын ұратын.


Бірақ сонда мені билеп алған — Ленин сөздерінің бұл жағы емес еді. Мені билеп алған — Ленин сөздеріндегі жеңістік бермейтін логика күші еді; бұл логика күші бірсыпыра құрғақтау, бірақ оның ессесіне ғындаушыларды әбден меңгеріп, бірте-бірте электрлендіріп, соңынан, былайша айтқанда, түгін қалдырмай, тегіс билеп алады. Әлі есімде, сонда делегаттардың көбі былай деген еді: «Ленин сөздеріндегі логика бейне бір күдіретті қышқан төлізді, ол сені жан-жағыңнан қысып қоршап алады да, оның құшағынан шығуға пәман жоқ: не көнесің, не мұрттай

көм ұққан жоқ. Бірақ Ленин ешуақытта, әсересе көпшіліктің табан тірейтін принциптік негізі жоқ кезде, көпшіліктің қулы болған емес. Партиямыздың тарихында көпшіліктің пікірі не партияның мәнүттік мүдделері пролетариаттың түпкі мүдделеріне қайшы келген кездер болған. Мұндайда Ленин, ойланбай-ақ, партияның көпшілігіне қарсы принципшілік жағына шықты. Ол алма, — мұндайда ол, — өзінің жлі айтатынындай, — «принципті саясат — бірден-бір дұрыс саясат» екеніне сүйеніп, жалғыз өзі жүрттың бәріне қарсы шырудан қаймыққан емес.

«Принципті саясат — бірден-бір дұрыс саясат», — Лениннің, пролетариаттың таңдаулы элементтерін революциялық марксизм жағына тарта отырып, «жан бата алмаған» жаңа позицияларды батылы жетіп алуына жәрдем берген формула осы.

### Бұқараға сену

Халықтардың тарихын білетін, революциялардың тарихын басынан аяғына дейін тексеріп өткен партия теоретиктері



Адамзаттың асқан даналарының данасы, пролетариат революциясының асқан данышпаны, большевиктер партиясының және Совет мемлекетін құрушы, көсеміміз және ұстазымыз Владимир Ильич Лениннің қайтыс болғанына жыйырма сегіз жыл толды. Бірақ оның ісі, оның идеялары мәңгі жасап, жеңе бермек. Ленин біздің бүгінгі күресімізде, бүгінгі жеңістерімізде өмір сүруде. Лениннің ісін оның ең жақын серігі, шәкірті және досы ұлы Сталин жеңіспен алға бастырып келеді.

Ленин идеяларының өмір орнықтырушы жеңімпаз күші, әресе, кәзіргі уақытта мейлінше көрнекті әрі айқын көрсініп отыр.

Ленинизмнің жаулары бір елде социализм орнату мүмкін емес деді. Олар Россия еңбекшілеріне Европаның басқа елдерінде революция болуын күту керек те деді. Ленин мен Сталин, керісінше, Россия ғана социализмге жол салуға тиіс, онда социалистік қоғам орнату үшін барлық мүмкіншілік бар деп есептеді. Шындық Ленин мен Сталин, большевиктер жағында болды. Ленин — Сталин партиясының басшылығымен совет халқы, капиталистік қоршауға қарамастан, елімізде социализм орнатып қана қойған жоқ, кәзір коммунизмнің асқар шыңына қарай сеніммен алға басуда.

Ленинизмнің жаулары халық бұқарасы өзінің өкметін құра алмайды, қанаушыларсыз, буржуазиясыз елді басқара алмайды деп шу көтерді. Алайда біздің елдің жұмысшылары мен шаруалары бұл ертегінің күлін көкке ұшырды. Ұлы Октябрь жеңісінің алғашқы күні-ақ, Ленин осыдан бастап қаналған бұқара буржуазиялық помещиктік мемлекет аппаратын қыратып, өзінің өкметін буржуазияның ешқандай қатысуынсыз өзі құрады деп көрсетті. Шынында да, еліміздің жұмысшы табы мен шаруалары өз тағдырын өз қолына алды, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетті құрып, елді ойдағыдай басқарды, өз шаруашылығы мен мәдениетін өзінің өмірлік мүдделеріне сәйкес құра бастады.

Ленинизмнің жаулары Совет мемлекеті жаулардың тереуірішіне шыдай алмайды деп есептеді. Олар совет өкметінің өмір

сүруін аяқтай, бірақ, Біздің бұл жауларымыздың есебін өмірдің өзгәқ мазақ етті. Өмір совет өкметін, жұмысшылар мен шаруалардың өкметін ешкім де жеңе алмайды, бұл өкмет жеңілмейтін өкмет деген лениндік қағидадың дұрыстығын дәлелдеді. Совет мемлекеті міне отыз бесінші жылы жаулар шабуылының қандайы болса да талқан болатын берік қамал болып келеді. Негіс-фашист басқыншыларына қарсы Отан соғысы Совет мемлекетінің, социалистік қоғам құрылысының қуаттылығын бүкіл әлем алдында айқын көрсетті.

Ұлы Ленин социализмде экономикалық, саяси және мәдениет өмірінің барлық салаларында тез алға басу үшін орасан зор күштер мен шексіз мол мүмкіншіліктер бар, деп үйретті. Совет халқының елімізде жасаған бүкіл дүниежүзілік-тарихи өзгерістері, соғыстан кейінгі дәуірде халық шаруашылығын қалпына келтіріп, одан әрі өркендетудегі жаңа жеңістері социализмнің бұл алып күштері мен мүмкіншіліктерін мейлінше айқын көрсетіп отыр. Еліміздің өнеркәсібі өркендеп, соғысқа дейінгі дәрежесінен әлде қашан асып түсті. Ауыл шаруашылығымыз тамаша табыстарға жетті. Ғылым мен мәдениет, искусство шарықтап өсуде.

Советтік құрылысымыздың кәзіргі табыстарын капиталистік елдердің соғыстан кейінгі экономикалық күйзеушіліктен шыға алмай отырған өте-өте ауыр халі тұрғысынан қарасак, оның өлшеусіз ұлы табыстар екенін көреміз. Кәзіргі халықаралық жағдай Лениннің капитализм адамзат қоғамының дамуы үшін асқан зор кәдергі болып отыр деген қағидасын дәлелдеуде. Егер нағыз «гүлденген» капиталистік ел—АҚШ-та 20 жыл ішінде, 1929 жылдан 1949 жылы дейін, өндіріс дәрежесі 59,5 процент көтерілсе, ССР Одағында осы мерзім ішінде өнеркәсіп дәрежесі 862 процент өсті.

Капитализм адамзатқа бейбітшілік те, астық та, бостандық та бере алмайды, кәзіргі мұқтаждықтан, аштықтан және правосыздықтан құтылудың жалғыз дұрыс жолы социализмге көшу деген лениндік қорытындының дұрыстығы барлық елдердің еңбекшілері үшін күннен-

Сталиннің социализм туралы идеялар жер шарындағы еңбекші бұқараның ең-насында барған сайын терең орын алып отыр.

Ленинизм соңғы жылдарда жаңа жеңістерге жетті. Капиталистік системадан бірнеше елдер шығып, соның нәтижесінде, кәзір дүние жүзіндегі адамзаттың 35 проценттейі империализмнің бұғауынан біржолата азат болып, ленинизмнің туы астында социалистік даму жолына түсіп отыр. Халық демократиясы елдерінің, жаңа өмірдің негізін салып жатқан ұлы қытай халқының қолжеткен табыстары тек капитализмнен құтылғаннан кейін ғана еркін, бақытты өмірге жету мүмкіндігін айқын дәлелдеуде.

Совет мемлекеті өзінің сыртқы саясатының ұлы Ленин белгілеп берген негізгі, бұлжымас жолын—бейбітшілік үшін қажырлы күрес жолын әрдайым бұлжытпай жүзеге асырып келеді. Лениндік өсиеттерден айнымайтын Совет Одағы дүниежүзіндегі бейбітшіліктің қуатты қамалы болып отыр. Бейбітшіліктің ұлы ту ұстаушысы Сталин жолдас халықтарға баянды бейбітшілік үшін күресте рух беріп, прогрестің, бейбітшілік пен демократия күштерінің реакция мен соғыстың қаратунек күштерін сөзсіз жеңетіндігіне шексіз сенім беріп келеді.

Совет адамдары елімізде коммунизмнің толық жеңісін қамтамасыз ету мақсатында Отанымыздың одан әрі гүлденіп, нығай беруі үшін қажырлылықпен еңбек істеуде. Адамдарымыздың жоғары саналылығы коммунизмнің толық салтанат етуі үшін күрестегі — шешуші шарт. Сондықтан да, социалистік қоғам еңбекшілерін Ленин—Сталин идеяларына берілгендік, советтік патриотизм, интернационализм рухында тәрбиелеу жұмысын мейлінше күшейту керек болады.

Ленинизмнің жеңімпаз идеялары күресіміздің барлық кезеңдерінде біздің жолымызды нұрландырып отырды. Ол коммунизмге бірте-бірте көшу жолындағы күресте де біздің жолымызды сәулелендіре береді.

Лениннің туы астында, Сталин жолдасының басшылығымен коммунизмнің толық жеңісіне қарай алға баса бейерік!

туралы әрі қарапайым, әрі айқын түрде, әрі ықшам, әрі батыл түрде жазуды Ленин ғана білуші еді,—оның әрбір сөзі құр сөз ғана емес, мірдің оғындай еді.

Менің Ленинмен танысуым осы уақыттан басталды.

### Кішіпейілділік

Мен Ленинмен ең алғашқы рет 1905 жылдың декабрінде, большевиктердің Таммерфорстағы конференциясында (Финляндияда) кездестім. Мен партиямыздың тау қыранын, ұлы адамды, саяси жағынан ғана емес, сонымен қатар, керек болса, тұлға жағынан да ұлы адамды көруге үміттендім, өйткені Ленин менің болжауымда дәу, сымбатты, көрнекті адам болып суреттелуші еді. Орта бойлыдан аласа, кәдімгі пәлденен ешбір, тіпті ешқандай айырмасы жоқ, нағыз кәдімгі адамды көргенде, қайран қалғаным-ай...

Дағдыда «ұлы адам» жыйналыс мүшелерін сарғайтып күткізіп, жыйналысқа көшініп келеді және де ұлы адам келер алдында жыйналыс мүшелері: «тысе... ақырын... келе жатыр...» деп қабар беріседі. Бұл тұрып маған орынсыз көрінбеуші еді, өйткені ол ын таландырып, құрмет күшейтіп тұрады. Лениннің жыйналысқа делегаттардан бұрын келгенін және, бір бұрышқа отырып алып, қарапайым адамдарша әңгімелесіп отырғанын, конференцияның кәдімгі жәй делегаттарымен кәдімгі жәй әңгіме жасап отырғанын көргенде, қайран қалғаным-ай. Жасырмаймын, бұл маған ол кезде бірқатар қажетті ережелерді бірсыпыра бұзу сияқты көрінді.

Мен кейін ғана түсіндім: Лениннің бұл жайдарылығы мен кішіпейілділігі, бай қалмай қалғысы келгені немесе, қалғай да, көзге түспей, өзінің биік дәрежесін көрсетпеуге тырысуы,—бұл белгі—жаңа бұқараның, адам баласының ең «төменгі», қарапайым, кәдімгі жәй бұқарасының жаңа көсемі болған Лениннің ең күшті жағының бірі екен.

### Логика күші

Лениннің сол конференцияда: кәзіргі мақ туралы және аграрлық мәселе туралы сөйлеген екі сөзі өте тамаша еді. Ол

өзге совет большевиктері Лениннің та тиіс е

«Жеңілдің ісінде нәрсенен бей өз маңын гешелік

А

1907

сөзде бо сонда же рінші рет көсемдер тастырада да кейбі лып, жа ды. Біра ұсамайты кейін ер тын. Ленин жеңіске іс—жеңі дұшпанға оған тек жеп бол дағына «енді м деп тая мысқыл меншер өз күші дұшпан аулақ күресе ге қый

«Жеңің мі дұшпан тияны зақтанд осы.

Парт шілігін ды. Кө күшпер мұны

# Ленинизм идеяларының салтанаты

★  
Ф. КОНСТАНТИНОВ.  
★

## II

Партиямыз рухтандырып отырған совет халқы социалистік мемлекетке сүйене отырып, Сталин жолдасын басшылығы арқасында капиталистік базисті жойды, жаңа социалистік базис жасады. Қауашы таптарды жойып, совет халқы социалистік қоғам орнатты, бұл қоғамда адамды адамның қанауы біржолата жойылды, бұл қоғамда Ленин белгілеп берген социализм принциптері: еңбек етпеген ішіп-жемейді, өркімнен қабілетіне қарай, өркімге еңбегіне қарай дейтін принцип жүзеге асырылды.

Совет елі бір кездегі техникалық-экономикалық мәшеуліктен социалистік прогрестің шыңына алып адыммен аттап шықты. Октябрь революциясының қарсаңында Ленин былай деп жазды: Капиталистер мен помещиктерді экспроприациялау «өндiгiш күштердi орасан мықтап өркендетуге мүмкіндік березі. Капитализм қазіргін өзінде бұл өркендеуді шындыққа сиғысыз беттеп отырғанын, қазіргін өзінде қолжеткен техника негізінде көп істі алға бастыруға болатынын көріп отырғандықтан, біз толық сеніммен, капиталистерді экспроприациялау адамдар қоғамының өндiгiш күштерiн орасан мықтап өркендетпей қоймайды деп айтуға правомыз». (Шығармалар, 25 том, 440-бет).

Советтік қоғам өндiгiш күштердi орасан мықтап өркендетiп келдi және өркендетуде. Біздің өліміз коммунизмге қарай мұнан әрі ілгері баса отырып, оған сәй материалдық техникалық база жасауда. Егер Еділ мен Днепрдегі, Дон мен Аму-Дариядағы ұлы сталиндік құрылыстар, табиғатты өзгертуін ұлы

бейбітшілік жолындағы күрескерлердің алдыңғы қатарында болып келді және алдыңғы қатарында болуда.

Ұлы Сталин былай деген:

«Егер халықтар бейбітшілікті сақтау ісін өз қолына алып, оны ақырына дейін қорғайтын болса, бейбітшілік сақталады да, нығаяды. Егер соғыс өртіп тұтандырушылар халық бұқарасын өтірікпен шырмай алса, оларды алдай алса және оларды дүниежүзілік жаңа соғысқа қатынастыра алса, онда соғыстың сөзсіз болуы ықтимал.

Сондықтан соғыс өртіп тұтандырушылардың қылмысты қулық-сұмдықтарын әшкерелеудің құралы ретінде бейбітшілікті сақтау жолындағы кең ғылымның қазір бірінші дәрежелі маңызы бар».

ССРО жеңген, салтанат құрушы ленинизм елі және бейбітшіліктің қуатты тірегі, берік қамалы болып отыр. Дүние жүзінің халықтары ССРО-ны—өздерінің үміті, бейбітшілікке және бақытты өмірге жол көрсетуші жарық жұлдызы деп таныйды.

Ленин совет адамдарын советтік Отанды шын сүйеге, оның күштерін нығайта беруге, оның көркеюін қамтамасыз етуге, оны сақтап социализмнің барлық жауларынан қорғауға үйретті.

Лениннің және Сталиннің ілімі совет халқының революциялық ұлттық мақтаныш сезімін, советтік патриотизм сезімін тәрбиелеп өсіруде.

Ленин мен Сталин: Ұлы орыс халқы, орыс жұмысшы табы істеген ұлы істер адамдардың жүрегінде «... тауды қозғай алатын кереметтер жасай алатын революциялық ұлттық мақтаныш сезімін» тұрғызды деп үйретеді.

## IV

Социализмнің жеңуі, социалистік идео-

## Мол өнім тағдыры өз қолымызда

Қазақ ССР Министрлер Советі мен КК(б)П Орталық Комитетінің «Республикамыздың колхоздары мен совхоздарында тәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру шаралары туралы» қаулысын біздің колхоздың егіншілері зор қуанышпен қарсы алады.

Біз қаулы жарияланасымен ақ, колхоздың егін шаруашылығын нығайтудың, быйылғы жылы егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алудың тиісті шараларын белгіледік, оның негізгі көздерін аштық.

Бітік егін өздігінен өспейді. Оны қажырлы еңбекпен, үлгілі-үлгілі істермен жеңіп алу керек. Олай болса, мол өнім тағдырын көктемгі егіске барлық жағынан тынақты әзірлену, сойтіп, оны ең қысқа мерзім ішінде агротехникалық ережелерге сай өткізу шешеді. Бұл үшін қысқа агротехникалық шараларды мінсіз іске асыру, яғни егістік учасқоларға қарқатату және оларды тыңайтатын жергілікті тыңайтқыштар дайындау сияқты аса маңызды жұмыстарды ойлағыдай ұйымдастыру керек. Егіске жоғары сортты тұқымды жетілдіріп әзірлеу қажет. Бұл міндеттер толық орындалса, бітік егін өсіруге болатындығын егіншілеріміз өздерінің тәжірибелерінен жылмажыл айқын көріп жүр.

Бізге көктемгі егіске әзірлік мезгілінде және ұйымшылдықпен басталды. Осының нәтижесінде бүгінге дейін жұмыстың бұл саласында қолжеткен кейбір табыстарымыз бар. Екі егіс бригадасында егіске әзірлік екі жүйе жүргізіліп келеді. Бұлар жұмысты арнаулы жоспар бойынша істейді. Егін бригадалары, әсіресе, тұқым тазалауда жоғары көрсеткішке жетті. Олар құйылған 3800 центнер тұқымның 1 мың центнерінен астамын түгел

үшінде Ленинге арналған күн өткізді. «Ленин жолымен, Сталин жолдастың басшылығымен, Ленинсіз өткен 28 жыл» деген тақырыпта лекция оқыды. Таяу күндерде лекция оқуға «Симбирск-Ульяновск — В. И. Лениннің туған жері», «В. И. Лениннің бейнесі көркем әдебиет пен халықтың ауыз әдебиетінде», «Сталин — бүгінгі Ленин» және басқа тақырыптар белгіленді.

## В. И. Ленин Шығармаларының XVI-томы қазақ тілінде

Алматы, 19 январь. (СОТА). Қазақтың Мемлекеттік баспасы В. И. Ленин Шығармаларының XVI-томын қазақ тіліне аударып, басып шығарды.

Орысша басылуынан қазақ тіліне аударған БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс — Энгельс — Ленин институтының Қазақ филиалы.

## В. И. Ленин Шығармаларының X-томы өзбек тілінде

ТАШКЕНТ, 19 январь. (СОТА). Өзбек ССР-нің Мемлекеттік баспасы В. И. Ленин Шығармаларының X-томын өзбек тіліне аударып, басып шығарды.

Орысша басылуынан өзбек тіліне аударған БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс — Энгельс — Ленин институтының Өзбек филиалы.

## ЕҢ ЖОҒАРҒЫ НАГРАДА

Ленин ордені — еліміздегі ең жоғарғы кмет наградасы. Ұлы көсем атымен аталатын ең жоғарғы награданы алғандар басымызда аз емес.

Өткен жылы ССРО Жоғарғы Советінің қазы бойынша Петропавл теміржол бөлімінде 61 адам Ленин орденімен наградланды. Олардың ішінде машинист Малинов, Маматов, Кулаков, тағы басқалары бар.

Облысымызда ең жоғарғы награданың иегері Әділбаев, Вершинин, Асадулаев сияқты озат қомбайншылар да аз емес.

қана теориясын жасады. Ленин — Сталин партиясы басқарған Россияның жұмысшы табы, еңбекшілері бұл ұлы теорияға сүйеніп отырып, дүниежүзінің ең үлкен елдерінің бірінде капитализмді жойды. совет үкіметін, жұмысшы табының диктатурасын орнатты, адамзаттың тарихында алғаш рет қанаушылары жоқ мемлекет құрды.

Ұлы Сталин социалистік революцияның даңыпшандық лениндік теориясын ленинизм жауларының шабуылынан қорғап қалып, оны онан әрі байытты. Кәзіргі уақытта бұл теория лениндік-сталиндік теория деп орынды аталады. Бұған сүйеніп отырып, совет халқы партияның басшылығымен, Сталин жолдастың жетекшілігімен, социализмнің сәулетті сарайын тұрғызды.

Ленин өзінің шың берілген шәкірті, досы және серігі — Сталин жолдасымен бірге большевиктік партияны — капитализм қамалын бұзатын партияны, ленинизм партиясын ұйымдастырды және оны тәрбиелеп өсірді. Өмірдің өзі, тарихи практика Лениннің жұмысшы табы, еңбекшілер тек оларды нағыз марксистік партия бастап көсемдік еткенде ғана жетіске жете алады дейтін ілімін толық және түгелінен дәлелдеді.

Мәңгі жасайтын еңбекті — «Мемлекет және революцияны» Ленин жазды. Бұл еңбегінде, сол сыяқты, басқа көп еңбектерінде Ленин буржуазиялық «демократияның», доллар «демократиясының», роуфеллерлер, моргандар, дюпондар және басқа финанштонжарлары «демократиясының» түгелінен жалғандығын және іріп-шірігендігін ашты.

Ленинизм, ескі монополияға дейінгі капитализм империализмге көшкерде реакция барлық жағынан: экономика, әлеуметтік, саяси, мәдени және идеология жағынан жаппай шабуыл жасап барады деп үйретеді.

Саяси салата империалистік реакция

империалистік реакцияға қарама-қарсы тұр.

«Советтік құрылыс, — деп жазады Ленин, — жұмысшылар мен шаруалар үшін ең толық демократизм, мұнымен бірге, ол буржуазиялық демократизмнен ажырасқандық және демократияның маңа, бүкіл дүниежүзілік тарихы, күршінің атап айтқанда: пролетарлық демократизмнің немесе пролетариат диктатурасының тууы болып табылады» (Шығармалар, 33 том, 32 бет).

Советтік социалистік демократизмнің көркемі ССРО-ның сан миллион еңбекшілер бұқарасының — социалистік мемлекет және коммунистік қоғам құрылысшыларының асқан зор белсенділігінен көрініп отырады.

Ленинизмнің салтанаты, советтік патриотизмнің салтанаты Сталиндік Конституцияда мейлінше айқын бейнеленді. Ұлы совет халқы осы конституцияның күн сәулесі астында бақытты өмір сүруде, қажырлы еңбек етіп, жаңа өмір орнатуда.

Советтік Конституцияны жасаушы Сталин жолдас былай деді: «Капиталистік елдердің халықтары үшін Конституция іс программасы ретінде маңызды болып отырса, ССРО халықтары үшін өздерінің күрестерінің қорытындысы, адам баласын азат ету майданындағы өздерінің жеңістерінің қорытындысы ретінде маңызы бар» (Ленинизм мәселелері, 11 басылуы, қазақшасы, 505-бет).

Европа пен Азияның біршыпыра елдерінде халықтық демократияның орнатылуы — бостандық, демократия, тәуелсіздік, бейбітшілік үшін, социализм үшін, капиталистік құлдыққа қарсы күресте дүниежүзінің өзінген және каналдағы халықтарын рухтандырған және рухтандырып отырған ленинизмнің ұлы идеяларының онан әрі салтанат құруы болады.

ғаушы күштері — советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігі, халықтардың достығы, советтік патриотизм қалыптасып, өсті.

Ленин жұмысшылар мен шаруалардың одағын көздің қарашытындай сақтап, нығайта беруді өсиет етті. Бұл одақ өсіп, жұмысшылардың, колхозшылардың және халық арасынан шыққан совет интеллигенциясының қуатты моральдық-саяси бірлігіне айналды. Бұл бірлік өндіріс құралдарының социалистік меншікте болуына, социалистік идеологияның, ленинизм идеологиясының үстемдігіне негізделген.

Елімізде социализмнің жеңуі негізінде, лениндік-сталиндік саясат негізінде және халықтардың достығы мен теңдігі идеологиясы негізінде советтік қоғамда барлық ұлттар мен халықтардың мызғымайтын берік туысқандық достығы қалыптасты.

АҚШ-та, Англияда және басқа капиталистік елдерде уағыздалатын аюандық ұлтшылдыққа және нәсілшілдікке қарсы Ленин — Сталин партиясы социалистік интернационализмнің ұлы туы, барлық нәсілдер, ұлттар және халықтар достығы мен теңдігінің туын бүкіл дүниежүзіде жоғары ұстауда.

Бұл идеологияға сүйеніп отырып, Совет мемлекеті өзінің өмір сүруінің алғашқы күндерінен бастап барлық халықтар арасындағы бейбітшілік және ынтымақ саясатын, қарақшылық соғыстарға қарсы, барлық және қандай да болса соғыс өртінен тұтандырушыларға қарсы күресу саясатын үнемі бұлжытпай жүргізіп келді және жүргізуде.

Бүкіл дүниежүзідегі бейбітшілік жолындағы күрескерлердің кәзіргі қуатты қозғалысы әртүрлі саяси және идеологиялық бағыттағы адамдарды біріктіруде. Ленинизм идеологиясын таратушы коммунистер барлық жерде және әрдайым соғыс өртінен тұтандырушыларға қарсы

қасиеті.

Басқа халықтарды тату және дос болып социалистік Отанның пенділік, социалистік әзірлік және қорғай Сталиннің ісіне, қоммунистік және шың совет халқының рухани ілері осындай.

Социалистік қоғам ышпан сәулетшісі ұлшылығымен коммунизм өтуде. Өндіріс күштерілік өндіріс қатынас өркендету коммунизмге материалдық базасы бо

Социалистік мемлекет әрі нығайту коммунизм маңызды шарты болып чн ұлы серігі, оның і шы, елімізді барлық өзінің даналық басшылығы және сыртқы жауларды ұлы жеңістерге жетуін кен біздің көсеміміз жә

Сталин жолдас бізге өси Капитализмнің адам е дықтары жою социализ е өтудің аса маңызы і былады. БК(б)П Орға ұлы Сталин партияны совет халқын ленинизм хында, интернационализ билелеуге үйретеді.

\*\*\*

Жұмысшы табы, марклар тарихтың нақ Маркс Ленин мен Сталин алдан ытпен ала басыын мақ Біздің заманымызда барл мунизмге бастайды. Со халықтық демократия жә зіргі дәуір — капитали дәуірі, ленинизмнің жеңі нын ұлы салтанат қуру

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1.86, редактордың редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2.36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1.33.2, корректорлар бюросы — 4.39. Газет баспасы — 0.22, газет табыс етілмесе — 1-1